

Бүлдіршін жастағы

3

Балалардың тамақта- нуының бұзылу себептері мен салдарлары

◇ а
наны
ң
салм
ағы
43,5
кг-
дан
төме
н
болу
ы;
◇ к
өп
боса
нған
ана
(7-
ден
көп)
◇ а

жырасқан ата-аналар немесе ата-ананың бірінің қайтыс болуы;

- ◇ 1 айдан 12 айға дейінгі жастағы алдыңғы 4-тен артық баласының шетінеуі;
- ◇ баланың туылған кездегі дене салмағы 2400,0 г. аз болуы;
- ◇ егіз немесе үшемнің тууы;
- ◇ алғашқы 3 айда 500 г. аз немесе кейінгі 3 айда 250 г. аз салмақ қосу;
- ◇ емшек сүтінің болмауы;
- ◇ балалардың 1 жасқа толғанша қайталама диарея, қызылша немесе көкжөтел сияқты аурулармен ауыруы.

Проблемаларды шешудің жолдары

дұрыс тамақтандыру:

- ◇ балаларға 6 айға толғанша тек емшек емізу; ◇ балаларға 2 жасқа толғанша емшек беру.

Бұған қол жеткізу үшін жүкті және бала емізетін әйелдің дұрыс тамақтануы мен демалысын ұйымдастыру арқылы әйелдің денсаулығын қорғауды қамтамасыз ету қажет.

- ◇ 6 айдан асқан балаларға баланың жас ерекшелігінің мұқтаждықтарын қамтамасыз ететін барабар тамақты уақытылы беру.

Балалардың инфекциялық ауруларының алдын алу (А дәруменінің және басқа микронутриенттердің тапшылығының алдын алу және жою). Балалардың соматикалық және инфекциялық ауруларын барабар емдеу.

Тамақтанудың бұзылуы деп әдетте тамақтанудың жетіспеушілігі, микронутриенттердің тапшылығы және артық салмақ/семіздік түсініледі.

тамақтың жетіспеушілігі

Тамақтың жетіспеушілігі сапалық тұрғыдан да, сандық тұрғыдан да дұрыс тамақ ішпеудің, сондайақ аурудың салдары болып табылады. Іс жүзінде жеткіліксіз тамақтану мен инфекциялардың арасында тікелей байланыс бар. ДДСҰ бағалауы бойынша (1998), дұрыс тамақтанбау 54% жағдайда 5 жасқа дейінгі балалар өлімінің негізгі себебі болып табылады.

Сонымен бірге баланың өсуі мен дамуына сәби жастағы диарея, жедел респираторлық аурулар, қызылша және т.б. аурулар ықпал етеді. Балалардың ауырған кезде тәбеті төмендейді, соған сәйкес тамақ ішуі азаяды, ал бұл кезде қоректік заттарға мұқтаждық ұлғаяды. Зерттеулер қызылшамен ауырған кезде тіпті жақсы тамақтанатын балалардың өзінде А дәрумені мен белоктардың деңгейі төмендейтінін көрсетті.

Тамақ пен ауруға әсер ететін факторлар өзінің табиғаты жағынан алуан түрлі және олар ақпарат пен білімнің жоқтығынан, ана мен балаға көрсетілетін көмек дейгейінің төмен болуынан, халықтың азық-түлік тағамдарымен жеткіліксіз қамтамасыз етілуімен, отбасында тағамның дұрыс бөлінбеуінен тұрады. Сондай-ақ медициналық қызмет көрсетуге, отбасы деңгейінде су және санитарлық ресурстарға қол жетімділіктің төмен болуы, адами, экономикалық және ұйымдастыру ресурстарының болмауы секілді әлеуметтік себептер балалардың тамақтануының бұзылуының негізгі себептерінің бірі болып табылады.

тағамдарда микроэлементтердің жетіспеушілігі

Әдетте микроэлементтер немесе микронутриенттер деп атайтын дәрумендер мен минералдарды аз пайдалану өсу мен дамуға, тұтастай алғанда, баланың денсаулығына бірқатар жағымсыз салдарларын тигізеді. Мысалы, бойдың өсуі мен иммундық жүйе қызметінің тежелуі организмдегі А дәруменінің тапшылығымен байланысты. Темір мен йодтың тапшылығы ақыл-ой дамуының, нашар үлгерімнің, жұмысқа қабілеттіліктің тежелуіне алып келеді. Адам өміріне қауіп төндіретіндіктен және оның тым жағымсыз әсерінің салдарынан әлемде осы үш микронутриенттің (темір, йод және А дәрумені) тапшылығына қазір көп көңіл бөлінеді.

4-кесте. темір, йод және а дәрумені тапшылығының себептері мен салдарлары

Микроэлемент	Себептері	Салдарлары
Темір	Организмге жеткіліксіз түсуі, физиологиялық қажеттіліктің артуы (жүктілік кезінде және баланың өсу барысында); паразитарлық инфекциялар; қан жоғалту	Уақытынан бұрын босану; баланың туған кезде салмағының төмен болуы, балаларда ауру мен өлім-жітім қаупінің жоғары болуы; жұмыс істеу қабілетінің төмендігі; когнитивті функцияның төмендеуі
Йод	Йод тапшылығынан йодтың организмге жеткіліксіз түсуі	Ақыл-ой дамуының тежелуі (кретинизм), ақыл-ой қабілетінің коэффициентінің орта есеппен алғанда 11%-ға қысқаруы; уақытынан бұрын босану, өлі туу, өздігінен болатын түсіктер
А дәрумені	Құрамында А дәрумені бар тағамды аз пайдалану	Балалар арасындағы аурушаңдық пен өлім-жітімнің көптігі. Балалардың бойының өсуінің тежелуі.